

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



«ЦИФРЛЫҚ АУЫЛ МЕКТЕБІ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Астана, 2023 ж.

МАЗМҰНЫ

ТҰЖЫРЫМДАМА ПАСПОРТЫ (НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕР)

ГЛОССАРИЙ

КІРІСПЕ

1-тарау. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

2-тарау. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ

ШОЛУ

3-тарау. ӨЗЕКТІЛІГІ, МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ

4-тарау. ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

5-тарау. НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН

НӘТИЖЕЛЕР

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасында 2026 жылға дейін ауыл мектептері мен шағын жинақты мектептерді цифрландыру мақсатында әзірленген
«ЦИФРЛЫҚ АУЫЛ МЕКТЕБІ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ
ПАСПОРТЫ (НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ)**

Тұжырымдаманың атауы	«Цифрлық ауыл мектебі» жобасының тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама)
Әзірлеу үшін негіздеме	<ul style="list-style-type: none">✓ Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» № 636 Жарлығының 3-жалпыұлттық басымдық «Сапалы білім» тарауы;✓ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 қаулысының міндеттері;✓ Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының Үшінші бағдар. «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» тарауының талаптары;✓ Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары;✓ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы;✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту жөніндегі жол картасы;✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 наурызда бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды «Әділ Қазақстан – Барлығы үшін және әрқайсы үшін. Қазір және мәңгі» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» 81 тармағын іске асыру бойынша Жол картасы»;✓ 2023 жылғы 3-мамырда «2023-2024 оқу жылында Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында

	<p>пилоттық жобаларын іске асыру бойынша Жол картасы»</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ 17-мамырда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының ұйымдастырумен өткен «Білімді ұрпақ – білімді ел» конференциясында шағын жинақты ауыл мектептерін қолдау мен жағдай жасауға бағытталған мәселелері; ✓ 19-мамырда «VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің бірінші сессияға арналған іс-шаралар» жоспарына сәйкес «Шағын жинақталған мектептер: білім беру сапасы, педагог кадрлардың тапшылығы мәселесін шешу және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру жобалары туралы» Солтүстік Қазақстан облысында ұйымдастырылған көшпелі отырысында көтерілген мәселелері; ✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы; ✓ «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 12 желтоқсандағы № 614 бұйрығы мен басқа да НҚА-ларға сәйкес жүзеге асырылады.
<p>Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган</p>	<p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы</p>
<p>Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар</p>	<p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі; Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі; Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі; Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі; Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі; Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі; Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі; Облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері; «Аманат» партиясы; «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры; «Білімді тұрақты дамыту» қоры;</p>
<p>Іске асыру мерзімі</p>	<p>2023-2026 жылдар</p>

ГЛОССАРИЙ

1) **Цифрландыру** – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуға және халықтың өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтеруге ұмтылдыратын әлем мемлекеттері жаппай бетбұрған тренд

2) **Білім беру саласын цифрландыру** – білім алушылар мен педагогтерге қажетті білім мен ақпаратты алу (беру), жылдам саралау, талдау және алу (беру) мақсатында техникалық құралдарды тиімді пайдалана отырып, сапалы, қолжетімді білім алуға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы ғылыми-техникалық процесс

3) **Цифрлық сауаттылық** – цифрлық технологиялар мен интернет-ресурстарды (грамматика, композиция, теру дағдылары және технологияларды пайдалана отырып мәтін, кескін, аудио және дизайн жасау қабілеті тұрғысынан) қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылар жиынтығы, бұл ақпаратты теру арқылы табуға, бағалауға және дәл беруге мүмкіндік беретін әртүрлі сандық платформалардағы мәтін және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары

4) **Жасанды интеллект** – (ағылш. *artificial intelligence, AI*) – интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар мен машиналар жасау технологиясы, әрі ғылым

5) **Онлайн педагог** – оқу процесінде санитарлық нормаларды сақтай отырып, онлайн ресурстарды тиімді пайдаланып білім алушылардың сапалы білім алуын іске асыратын педагог

6) **Тірек мектебінің онлайн педагогі** – бірнеше елдімекендердегі магнитті мектептердің білім алушылары үшін онлайн сабақтар өткізуге жауапты тірек немесе магнитті мектептің білікті педагогі

7) **Виртуалды педагог** – жасанды интеллектің көмегімен іске асатын білім беру процесі немесе виртуалды кеңістікте жасанды интеллектің мүмкіндіктерін пайдаланып сапалы білім беруге әрекет етуші педагог

8) **Онлайн/виртуалды педагогтің ассистенті** – онлайн/виртуалды оқытуды ұйымдастыру бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын магниттік мектептің педагогі

9) **Жабдықтау бойынша Инженер (цифрлық кабинеттің зертханашысы)** – цифрлық кабинетте жабдықтың сақталуы мен жұмыс істеуіне (қабылдау, іске қосу, есепке алу, есептен шығару және т.б.), сыныптың онлайн/виртуалды сабаққа уақтылы қосылуына жауапты тұлға

10) **Цифрлы/онлайн сынып** – жекелеген пәндерді қашықтан оқыту мақсатында ұйымдастырылған магниттік мектептердің білім алушыларынан жинақталып, толықтырылған виртуалды/онлайн сынып

11) **Цифрлы кабинет** – қашықтан оқыту форматында оқу процесін онлайн жүргізуде интерактивті панельмен, компьютерлермен, құлаққаптармен және басқа да қажетті құралдармен арнайы жабдықталған мектептегі оқу кабинеті.

12) **Цифрлы контент** – бұл цифрлық құрылғыларда: компьютерлерде, планшеттерде, смартфондарда пайдалану үшін арнайы арналар арқылы

электрондық түрде таратылатын материалдар жиынтығы. Цифрлық контенттің негізгі түрлері – мәтін, графика, анимация, бейне және аудио материалдар

13) **Цифрлы оқулық/кітап/оқу құралы** – бұл сабақты тиімді өткізу үшін мәтін ретінде пайдалануға арналған цифрлы оқулық (кітап) немесе электрондық нұсқаулық. Цифрлы оқулықтарды – цифрлы оқулықтар, электронды оқулықтар немесе электронды мәтіндер деп те атайды. Цифрлы оқулықтар технологияға негізделген білім беру реформасының маңызды құрамдас бөлігі

14) **Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР)** – цифрлы үлгіде ұсынылған фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, символдық объектілер және іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен оқу процесін ұйымдастыруға қажетті өзге де оқу материалдары

15) **Онлайн/виртуалды сабақ кестесі** – білім беру ұйымдары үшін онлайн/виртуалды форматта білім беруге ортақ (бірлесе) құрылған сабақ кестесі

16) **Цифрлы құзырет** – адамның өз білімі мен дағдыларын іс-әрекетте, білімде, іскерлікте және көзқараста көрсететін қабілеті

17) **Цифрлы құзыреттілік** – тұлғаның интегративті сапасы, сипаттамасы, білім беру процесінің нәтижесі, цифрлы мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану қабілеті

18) **Цифрлы мәдениет** – заманауи ақпараттық (цифрлық) технологияларды, олардың функционалдық мүмкіндіктерін түсіну, сондай-ақ оларды жұмыста немесе тұрмыста сауатты пайдалана білу мәдениеті

19) **Цифрлы трансформация** – цифрлы ресурстар мен цифрлы процестердің құру саласына көшуінен тұратын сапалы, революциялық өзгерістердің көрінісі

20) **Цифрлы технологиялар** – аналогтік технологияларға қарағанда үздіксіз сигналдармен емес, дискретті жұмыс істейтін технологиялар

21) **Цифрлы дағдылар** – халықтың дербес компьютерлерді, интернетті және АКТ-ның басқа да түрлерін пайдалану саласындағы құзыреттері, сондай-ақ адамдардың тиісті білім мен тәжірибе алудағы ниеттері

22) **Цифрлы кеңістік** – цифрлы процестерді, цифрлы өзара іс-қимыл құралдарын, ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ реттеу нормалары, ұйымдастыру, басқару және пайдалану тетіктері негізінде цифрлы инфрақұрылымдар жиынтығын біріктіретін кеңістік

23) **Ақпараттық жүйе** – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы

24) **Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар** – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы

25) **Асинхронды оқыту форматы** – білім беру процесіне қатысушылардың, оның ішінде ақпараттық жүйелердің және басқа байланыс құралдарының көмегімен өзара іс-қимылын болжайтын қашықтан оқыту

26) **Синхронды оқытудың форматы** – ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі – АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру процесі қатысушыларының нақты уақыттағы тікелей байланысын (стриминг) болжайтын қашықтан оқыту

27) **Білім алушының цифрлық ізі** – бұл LMS (оқытуды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда ақпараттық жүйеде тіркелген білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы

28) **Жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК)** – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы

29) **Қашықтан оқыту** – педагог пен білім алушылардың қашықтықтағы өзара әрекеттесуі кезінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту

КІРІСПЕ

Ауылдық шағын жинақты мектеп – ауылда тұратын қоғамның ұлттық мәдениеті мен дәстүрінің негізін қалайтын, өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге ерекше мән беретін, ана тілінің тазалығы мен құндылығын сақтап отырған білім беру ұйымы. Ауыл мектебі ауылдың өмірі мен ауыл тұрғындары айналысатын қызметтің ажырамас органикалық бөлігі ретінде, ауыл тұрғынына тән барлық құндылықтарды, қайшылықтарды, проблемаларды анықтап, өмірлік қиындықтарды жеңуге, қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік теңдік қағидатын сақтауға бағытталған мәдени ошақ.

Қала мектебі мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын халықаралық зерттеулерден байқауға болады. Ауыл мектептерінің білім сапасының көңілден шықпауы біріншіден, мектептердің инфраструктуралық жағдайының төмен болуынан білім алушылардың заманауи техникалық жабдықтармен жұмыс жасауда қиындықтардың туындауынан байқалса, екіншіден, шағын жинақты мектепте кадрлардың сапалық құрамының төмендігі мен жетіспеушілігінен байқалады. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының, ата-ана тарапынан білім алушыларға білім алу барысында қолдау көрсетуде қиындықтардың туындауы, сондай-ақ мектеп кітапханаларының жеткілікті заманауи білім алушыларына қажеттілігіне сай көркем әдебиеттермен жабдықталмауы немесе бейімделген ғимараттарда орналасқан білім беру ұйымдарында кітапханалардың мүлдем болмауы, білім алушылардың кең жолақты интернетке қолжетімсіздік және т.б. мәселелер қала мектебі мен ауыл мектебі арасындағы білім сапасындағы алшақтықты тудырады.

ЭЫДҰ жүргізген халықаралық зерттеулерде Қазақстанның PISA-2019 соңғы халықаралық зерттеуінде аутсайдерлік позицияларда (соңғы немесе соңғыларының қатарында) көрсетілді [Аналитикалық есеп, Ирсадиев С.А. 2020)].

Білім сапасы төмен көрсеткіштерінің негізгі себебі қазақстандық білім алушылардың ІТ-сауаттылығында едәуір артта қалуы, оқу мен оқытудағы тұрақсыздыққа байланысты оқу бағдарламаларының күрделілігі, білім алушылардың жалпы оқу дағдыларының қалыптаспағандығы анықталды.

ЭЫДҰ (2014) сарапшыларының *«білім беру жүйесінің сапасы ондағы қызмет атқаратын педагогтердің сапасынан аспауы тиіс»* деген ойы оқу процесін ұйымдастыруды және оқу мен оқытудағы тәсілдерді қайта қарау, сондай-ақ оқыту үшін барынша жағдай жасау қажеттігіне әкелді. Осыған орай, білім берудегі негізгі проблемалардың маңызды шешімі ретінде – цифрлы білім беру кеңістігін қалыптастырып, ауылдық шағын жинақты мектептерді жылдам интернетпен, компьютерлік сыныппен қамтамасыз ету, тірек және ауылдық шағын жинақты мектептердің педагогтерін, сондай-ақ білім алушыларын әртүрлі онлайн білім беру платформалары арқылы қашықтан немесе виртуалды/онлайн оқытуға дайындау және электрондық оқулықтар мен білім беру платформаларын ұсыну арқылы сапалы білім беруді қолжетімді ету.

Ауыл мектептерін цифрландыру бағытында ең алдымен білім

алушыларына өздігінен қажетті білім алуға мүмкіндігінің бар екеніне сенімділігін арттыру. Ол үшін ауыл мектептердегі кадр тапшылығы мәселесін шешу, материалдық-техникалық базасын нығайту, білім сапасын арттыру, құндылыққа бағытталған білім беру арқылы білімдегі алшақтықты қысқартуды жүзеге асыру көзделеді. Ауыл мектептерін жабудың алдын алу, білім алушының қажеттілігін ескере отырып, біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру мәселесі де алдағы уақытта қарастырылады.

1-ТАРАУ. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру ұйымдарында – 3 481 667 білім алушы білім алады, оның ішінде 190 422 (5 %) ауылдық шағын жинақты мектептерде (бұдан әрі – ШЖМ-да) оқиды.

2022-2023 оқу жылының басында Республикада 6460 мемлекеттік білім беру ұйымы тіркелген, оның ішінде 5112 (79 %) – ауылдық мектептер. Шағын жинақты мектептер саны – 2723 (53%), оның 474-і (17 %) бастауыш білім беретін мектептер, 780-і (29 %) негізгі орта білім беретін мектептер және 1 469-ы (54 %) жалпы орта білім беретін мектептер.

Елімізде 191 тірек мектебі (бұдан әрі – ТМ) жергілікті атқарушы орган тарапынан тіркелген. Тірек мектептерге 582 (21%) магнитті мектептер бекітілген, қалған 2143 (79 %) ШЖМ тірек мектептерге бекітілмей өздігінен жұмысын жасауда.

2018-2023 (5 жылда) – **164** шағын жинақты ауыл мектептері жабылған.

Шағын жинақты мектептердің жабылу мәселесі де өзекті мәселе. Ұлттық білім беру деректер қорының мәліметтері бойынша, қазіргі уақытта 2670 ауылдық жерде мектеп жоқ. Ол ауылдарда – 436 439 тұрғын тұрады. Мектеп жасындағы білім алушылар саны – 62 292. Мектеп жанындағы интернаттарда тұрып оқитын білім алушылар саны – 4742. Күнделікті тасымалданатын білім алушылар саны – 47821. Туысқандарында тұратындары – 148. Өздігінен тасымалданатыны – 963.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің ақпараттандыру мәселесінде, мектептерде оқу үрдісінде қолданылатын компьютерлік техниканың жалпы саны – 93 743. Ондағы есептен шығарылған компьютерлердің саны – 13 105 (14%). Шағын жинақты мектептерде 1 компьютерге 2 білім алушыдан келеді. Ақпараттандыру мәселесінде мектептердің интернет жылдамдығы 4 Мбит/секундқа дейінгісі 683 мектеп болса, 4 Мбит/секундтан жоғарысы 2036 мектеп. Яғни, бұл цифрлар да білім сапасының өсуіне кері әсерін тигізері сөзсіз.

Мектептердегі интернет жылдамдығының төмендігі шағын жинақты мектеп білім алушысының сапалы білім алуына өзіндік әсерін тигізері анық. Сондықтан мектептерде интернет жылдамдығының сапасын жақсарту маңызды. Білім бәсекесіне қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде басымдық білім сапасымен өлшенетіні белгілі. Ал білім сапасының көрсеткіші халықаралық деңгейде зерттеледі. Зерттеулердің барлығы онлайн форматта жүргізілгендіктен, ауыл мектептерінің білім алушылары цифрлы сауатты болуы қажет.

2018 жылғы «Ақпараттық талдау орталығының» зерттеулеріне сүйенсек,

білім сапасы жағынан қала мектептеріндегі білім алушылар ауыл мектептеріндегі білім алушыларға қарағанда едәуір алда екені белгілі болды.

Ауылдық мектеп білім алушыларының оқу нәтижелері қалалық қатарластарына қарағанда оқу сауаттылығы бойынша – 37 балға, математикалық сауаттылық бойынша – 22 балға, жаратылыстану – ғылыми сауаттылықтары бойынша – 23 балға төмен болып, ал компьютерлік сауаттылық бойынша қала білім алушылары ауылдық қатарластарынан 70 балға жоғары екенін көрсетті.

2022 жылы елімізде өткен «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу» қорытындысы негізінде қала – ауыл бөлінісінде білім алушылардың жетістіктерінде алшақтық байқалмайды (*максимум 30-дан 20,93 және 20,86 балл*), алайда өңірлерде мектептердің аумақтық мәртебесі бойынша көрсеткіштердің белгілі бір саралануы бар. Мәселен, Қарағанды облысында қалалық төртінші сынып оқушылары ауылдық (*түісінше тапсырмаларды орындаудың 66% және 59%*) қарағанда 2,11 балға артық жинады. Сонымен қатар, кейбір өңірлерде 4-сыныптың ауылдық білім алушылары өздерінің қалалық қатарластарына қарағанда: Батыс Қазақстан (+1,96 балл), Түркістан (+1,7 балл) және Ақмола (+1,41 балл) облыстарында жоғары нәтижелерді көрсетті.

Мектептердің орналасқан жері бойынша көрсеткіштердің едәуір алшақтығы өңіраралық деңгейде тіркелді. Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының ауыл оқушылары Түркістан, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының қалалық құрдастарына қарағанда табысты нәтиже көрсетті. Алшақтық 2,8-3,5 балл аралығында өзгереді.

Өңірлердің деңгейінде қала – ауыл бөлінісінде көрсеткіштерде айтарлықтай айырмашылық байқалады. Шығыс Қазақстан облысы қалалық төртінші сынып оқушыларының ең жоғары орташа балы мен Қарағанды облысының ауылдық білім алушыларының ең төмен көрсеткіші арасындағы алшақтық оқу сауаттылығы бойынша 1,4 балды (*тапсырмаларды орындаудың 76% және 62%*), математикалық сауаттылық бойынша 2,29 балды (*тапсырмаларды орындаудың 77% және 58%*) және жаратылыстану сауаттылығы бойынша 1,28 балды (*74% және тапсырмаларды орындаудың 59%*) құрады.

Қаланың пайдасына қалалық және ауылдық білім алушылардың нәтижелері арасындағы ең үлкен өңірішілік айырмашылық Қарағанды облысында байқалды (оқу сауаттылығы бойынша 0,57 балл, математика бойынша – 1,05 балл, жаратылыстану ғылымдары бойынша – 0,48 балл). Түркістан (оқу сауаттылығы – 0,63 балл, математикалық сауаттылық – 0,93 балл) және Батыс Қазақстан (жаратылыстану сауаттылығы – 0,59 балл) облыстарында ауыл мектептерінің пайдасына ең жоғары көрсеткіштер алшақтығы анықталды.

Өңірлерде мектептердің аумақтық мәртебесі бойынша көрсеткіштердің белгілі бір саралануы бар. Мәселен, 8 өңірде 9-сыныптың ауылдық білім алушылары қалалық қатарластарына қарағанда: Атырау облысында – 4,48 балға, Қостанай облысында – 4,45 балға, Батыс Қазақстан облысында – 4,34 және Жамбыл облысында – 4,28 балға жоғары нәтиже көрсетті. Қалалық білім

алушылардың пайдасына ең көп алшақтық (3,05 балл) Қарағанды облысында байқалады, бұл ретте осы өңірде оқыту тіліне қарамастан төмен нәтижелер тіркелді.

Өңіраралық деңгейде салыстыру көрсеткендей, Атырау, Түркістан және Қарағанды облыстарының қалалық оқушылары Шығыс Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының ауылдың тоғызыншы сынып оқушыларының орташа балы көрсеткіштерінен айтарлықтай төмен болды. Алшақтық 10,9-13,3 балл аралығын құрады.

Математикалық сауаттылық бойынша Шығыс Қазақстан облысының қалалық тоғызыншы сынып білім алушыларының орташа балы Қарағанды облысының ауылдық білім алушыларының көрсеткішінен (*тапсырмаларды орындаудың 71% және 53%*) 2,29 балға жоғары болды.

Оқу сауаттылығы бойынша алшақтық 4,12 балды немесе тапсырмаларды орындаудың (*Қызылорда облысының қалалық оқушылары – 21,9 балл, Қарағанды және Атырау облыстарының ауыл оқушылары-17,78 балл*) 14%-ын құрады.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша қала-ауыл бөлінісінде өңірлердің ең жоғары және ең төмен көрсеткіштері арасындағы алшақтық 6,91 балды немесе тапсырмаларды орындаудың (*Қызылорда облысының ауылдық тоғызыншы сынып оқушылары – 22,23 балл, Атырау облысының қалалық оқушылары-15,32 балл*) 21%-ын құрады.

Қалалық білім алушылардың пайдасына өңірішілік ең үлкен айырмашылық Қарағанды облысында (алшақтық математикалық сауаттылық бойынша 1,05 балл, оқу бойынша – 1,28 балл, жаратылыстану ғылымдары бойынша – 1,22 балл) байқалды. Батыс Қазақстан облысында (математикалық сауаттылық – 0,93 балл), Қостанай облысында (оқу сауаттылығы – 1,25 балл) және Жамбыл облысында (жаратылыстану сауаттылығы – 2,96 балл) ауылдық мектептердің пайдасына көрсеткіштердің ең көп алшақтығы байқалды.

2022-2023 оқу жылында шағын жинақты мектептердің типтік ғимаратында – 1825. Осы мектептерде – 153 602 білім алушы білім алады. Бейімделген ғимараттағы шағын жинақты мектептер – 897. Ондағы білім алушылар саны – 36 807. Апатты ғимараттарда орналасқан шағын жинақты мектептер саны – 21. Бұл мектептерде – 1684 білім алушы білім алады. Күрделі жөндеуді қажет ететін мектептер саны – 136. Бұл мектептерде 11 980 білім алушы білім алды. Көрсетілген жағдай да білім алушының сапалы білім алуына әсерін тигізеді.

Республикадағы білім беру ұйымдарында 394 392 педагог қызмет атқарса, оның 50 225-ы (13%) шағын жинақты мектептер (бұдан әрі – ШЖМ) педагогтері. ШЖМ педагогтерінің сапалық құрамында:

- жоғары білімі бар педагогтер – 42 365 (84%);
- арнаулы орта білімі бар педагогтер – 7 857 (15,6 %);
- орта білімі бар педагогтер – 3 (0,04%).

Педагогтердің біліктілік санаттары бойынша:

- «педагог-шеберлер» – 83 (0,16%);

- «педагог-зерттеушілер» – 5 494 (11%);
- «педагог-сарапшылар» – 12 157 (24%);
- «педагог-модераторлар» – 10 301 (20,5%);
- «педагогтер» – 15 821 (31,5%);
- «жоғары санатты» – 1 137 (2,2%);
- «бірінші санатты» – 2 755 (5,4%);
- «екінші санатты» – 2 477 (5%).

2723 шағын жинақты мектептердің 50376 педагогтерінің жасы бойынша:

- 25 жасқа дейінгі педагогтер (жас мамандар) – 4148 (8 %);
- 25-29 жас аралығындағы педагогтер – 5690 (11%);
- 30-34 жастағы педагогтер – 7046 (14%);
- 35-39 жастағылар – 7613 (16%);
- 40-44 жастағылар – 6696 (14%);
- 45-49 жастағылар – 6080 (12%);
- 50-54 жастағылар – 5561 (11%);
- 55-59 жастағылар – 5481 (10%);
- 59-дан жоғары – 2061 (4%) педагог қызмет атқарады.

2723 ШЖМ-дағы 43 960 (88 %) педагогтің цифрлық технологияларды пайдалануы бойынша:

- мектепте компьютермен қамтылғаны – 7 188 (1,6 %);
- планшеттері бары – 185 (0,4 %);
- жеке ноутбуктері бары – 29 538 (6,7 %);
- нетбуктері бары – 42 (0,09%);
- смартфондары бары – 4 929 (1%) педагог.

ШЖМ білім алушыларында:

- дербес компьютері бары – 15 582 (82%);
- планшеттері бары – 4 956 (3%);
- ноутбуктері бары – 23 847 (0,1%);
- нетбуктері бары – 44 (0,02%);
- смартфонны бары – 93635 (49%).

Шағын жинақты ауыл мектептерінде 2022-2023 оқу жылындағы жағдай келесідей болған. 2023-2024 оқу жылынан мектептерді интернет желісіне қосуда жұмыстар атқарылады.

Интернет жылдамдығы	Мектептер саны	%
Интернет жоқ	5 мектеп	0,18%
512 Кбит / с	8 мектеп	0,29%
1-4 Мбит / с	541 мектеп	1,98%
5-9 Мбит / с	712 мектеп	0,44%
10 Мбит / с	606 мектеп	22,2%
11-20 Мбит / с	548 мектеп	20,1%

20 Мбит / с	7 мектеп	0,25%
21-30 Мбит / с	95 мектеп	34,7%
31-40 Мбит / с	75 мектеп	2,7%
49-60 Мбит / с	56 мектеп	2%
70-98 Мбит / с	14 мектеп	0,5%
100 Мбит / с	56 мектеп	2%

2022-2023 оқу жылының мәліметі бойынша Интернеті жоқ мектептер анықталды. Олар: Қарағанды облысындағы Бұқар-Жырау ауданында 1 мектеп, Ұлытау облысы Қаражал қаласында 1 мектеп және Түркістан облысындағы Сауран ауданында 1 мектеп, Төле би ауданында 1 мектеп және Түлкібас ауданында 1 мектеп тіркелген.

Ағымдағы жылғы жағдай бойынша елімізде 4 Мбит/с дейінгі жылдамдықпен интернеті бар мектептер саны – 549 мектеп. Олар келесі өңірлердегі білім беру ұйымдары: Ақмола облысында – 5 мектеп, Ақтөбе облысында – 53 мектеп, Алматы облысында – 18 мектеп, Атырау облысында – 7 мектеп, Шығыс Қазақстан облысында – 131 мектеп, Жамбыл облысында – 14 мектеп, Батыс Қазақстан облысында – 31 мектеп, Қарағанды облысында – 46 мектеп, Қостанай облысында – 22 мектеп, Қызылорда облысында – 3 мектеп, Абай облысында – 46 мектеп, Жетісу облысында – 44 мектеп, Ұлытау облысында – 12 мектеп, Павлодар облысында – 3 мектеп, Солтүстік Қазақстан облысында – 55 мектеп және Түркістан облысында – 55 мектеп тіркелген.

Интернет жылдамдығының сапасы мектептердің 20%-ында сабақта қажетті интернет-ресурстарын пайдалана отырып, заманауи сабақты толыққанды ұйымдастыруға мүмкіндік қарастырылмағанын көрсетіп отыр.

2022-2023 оқу жылында мектептердің компьютерлік техникамен жабдықталуында **11 ауылдық мектепте компьютер жоқ** екені анықталды. Олар: Ақмола облысында 2 мектеп, Ақтөбе облысында 2 мектеп, Қарағанды облысында 1 мектеп, Түркістан облысында 4 мектеп, Солтүстік Қазақстан облысында 1 мектеп және Алматы облысында 1 мектеп.

Интернеті бар, бірақ компьютерлері жоқ ауыл мектептерінің саны – 27, оның ішінде: Ақмола облысында – 3, Ақтөбе облысында – 3, Алматы облысында – 2, Батыс Қазақстан облысында – 1, Қарағанды облысында – 4, Қызылорда облысында – 1, Абай облысында – 2. Жетісу облысында – 2, Солтүстік Қазақстан облысында – 1 және Түркістан облысында – 8 мектеп тіркелген.

Сондай-ақ Республика бойынша 283 мектеп шекаралас аймақта тұрған ауылдардағы мектептер. Бұл мектептерде 19057 білім алушы білім алады. Шекаралас аумақта орналасқан мектептерде де интернет мәселесінде түрлі олқылықтар мен кедергілер болуы анық.

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі тарапынан 2022-2023 оқу жылында ШЖМ білім алушыларына сапалы білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз етуде келесі жобалар іске асырылды. Олар:

1. «Ауылдық ШЖМ-да сапалы білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз

ету». Жобада: ШЖМ үшін білім беру процесін ұйымдастыру: қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін интернет жылдамдығының тұрақты болуы (20-100 Мбит/сек); тірек мектептерден магнитті мектептерге 20-25 минуттық (Санпин нормаларын сақтап) онлайн сабақтарды ұйымдастыру және интернеті жоқ мектептерге тасымалдағыштар арқылы платформаларды орнату, сапалы білім алуға мүмкіндік жасау қарастырылады.

2. «Цифрлық технологияларды пайдаланып Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасы. Жобаның: 1-модулінде – синхронды оқыту (20-25 минут); 2-модулінде – асинхронды оқыту (телесабақтар, платформалар, кері байланыс); 3-модулінде аралас (гибридті) (онлайн/офлайн) және 4-модулінде кеңес берушілік (репититорлық) ретінде қарастырылады.

3. «Ақтөбе облысындағы шағын жинақты мектептерді қолдауға арналған «Білім ALL» өңірлік жобасы. Жобада: «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша қашықтан оқытуды ұйымдастыру іске асырылады.

4. 2022 жылғы 6 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі мен «Microsoft Kazakhstan» компаниясы арасындағы білім беруді цифрландыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық және шағын жинақты мектептерінің педагогтерін қолдау бойынша пилоттық жоба іске асырылды.

Жобаның мақсаты – «Microsoft Teams» қосымшасы негізінде білім беру үшін бірыңғай цифрлық платформаға қолжетімділікті қамтамасыз ету және білім беру процесінде «Microsoft» компаниясының өнімдерін пайдалану арқылы ауылдық және шағын жинақты мектептердің білім алушыларына ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру.

2-ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ

Халықаралық тәжірибеде негізгі басымдық оқу процесін ұйымдастыруға ғана емес, сонымен қатар білім беру процесін жақсартудағы басқа да мәселелердегі әртүрлі қолдауға бағытталды.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, АҚШ, Австралия, Канада мен Польшада ШЖМ педагогінің жалақысы қала мектептері педагогтерінің жалақысынан 2 есе жоғары. Қашықтан оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. АҚШ пен Австралияда ШЖМ-ны жетекші немесе тірек мектебі қамқорлығына бере отырып, шағын жинақты мектептердің жабылуына жол бермеу мәселесі қарастырылған.

Канада мен Польшада қашықтан оқыту технологиялары арқылы сабақтар өткізу жолға қойылған.

АҚШ пен Финляндияда интернаттар жоқ, сондықтан білім алушыларды тасымалдау мәселесі министрліктер деңгейінде шешіледі.

Австралия мен Швецияда ШЖМ кластерлік түрде қарастырылады, яғни мектеп ішінде білім беру сұраныстарын құрылып, мәселелер өз деңгейінде

шешіледі.

Норвегияда ШЖМ Республиканың жетістіктері болып, қажетті білім алу мақсатында білім алушының жеке дамуына аса көңіл бөлінеді және оқытудың оңтайлы әдістері мен тәсілдері таңдалады.

Канадада тақырыпты зерттеу бейне немесе «YouTube» арнасына сілтемелер беру арқылы жүзеге асырылады. Сабақтың тақырыбы егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Сұрақтар туындаған жағдайда ортақ чат құрылып, виртуалды оқыту арқылы сұрақтар бірлесіп талқыланады.

Англияда және басқа да көптеген елдерде ауыл мектебі Қауымдастық (комьюнити) орталығы ролін атқарады. Мектептерде: түске дейін – білім беру процесі, сабақтан кейін – мектептен тыс іс-шаралар, кешкі уақытта – жастар мен ауыл тұрғындары үшін тақырыптық демалыс орны ретінде қарастырылады.

Тарихқа жүгінсек, еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері ауыл проблемаларымен қатар ауылдағы шағын жинақты мектептердің проблемалары бірге қарқындап келе жатқаны анық.

1991 жылы тәуелсіздікпен бірге елдегі өзге ұлттардың (неміс, орыс, украиндер және т.б.) тарихи Отанына көшу белең ала бастап, елдегі эмиграция шағын жинақты мектептердің статистикасына әсерін тигізді.

1995 жылы Қазақстанда ішкі миграция жүріп, елдегі колхоз, совхоздар таратылып, ауылдарда жұмыссыздық белең алды.

1997 жылы «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық компаниясының құрамынан ҚР БҒМ-ның құрамына ауыстырылды.

2007 жылы елде урбанизация басталды. Бұл кезеңде ауыл халқының көпшілігі қалаға көшіп, ішкі көші-қон процестерін тудырды. Осының нәтижесінде бір кездері тығыз қоныстанған ауылдар бос қалып, білім алушыларсыз қалған мектептер жабыла бастады.

Отандық тәжірибеде пандемия кезінде бірден бірнеше қашықтан оқыту технологиялары қолданылды. Олар:

- 1) интернет арқылы оқыту;
- 2) телеарналар мен радио арқылы білім беру;
- 3) шалғай ауылдарда штаттық режимде оқыту, сондай-ақ мектебі жоқ елді мекендерге пошта арқылы оқу материалдарын жіберу.

Осылайша 4-тоқсанда 2,4 млн. білім алушы Интернет арқылы білім алды. Мектептердің жұмысын жандандырған «Daryn.Online», «BilimLand» интернет-платформалары және «Күнделік» жүйесі қолжетімді болды.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар оқитын кейбір мектептерде педагогтер сабақтарды көбіне «Microsoft Teams», «Meet by Google Hangouts» сияқты басқа да шетелдік стримингтік жүйелер арқылы өткізеді.

«Балапан» және «Ел Арна» арналарында телесабақтар арқылы оқыту кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, салалық министрлік пен «Қазақстан РТРК» корпорациясының қолдауымен жергілікті арналарда телесабақтарды ретрансляциялау ұйымдастырылды.

Қашықтан оқыту форматы педагогтер мен ата-аналардың арасындағы

қарым-қатынасты реттеп, бірлесе жұмыс істеудің маңыздылығын айқын көрсетті.

3-ТАРАУ. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ, МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ

Ауыл мектептерінде адами-рухани құндылыққа бағытталған білім беру ең алдымен отбасынан бастау алады, одан кейін мектеп пен орта, қоғамда қалыптасады. Цифрлы білім беру барысында адами-рухани құндылықты бойына сіңіріп өскен ауыл баласына алдағы уақытта жат ағымдардың жетігіне түспей, ұлтжанды азамат болып қалыптасуына сапалы цифрлы контент өз әсерін тигізеді.

Цифрландыру процестері жаһандық сипатқа ие болғандықтан, қоғам қызметінің барлық салаларын, оның ішінде білім беру саласына етене еніп, қоғамның өзі мен қоғамдық қатынастардың даму базасына айналды. Білім берудегі цифрлық трансформация білім беру процесінде ерекше рөл атқарады, цифрлық дәуірге сенімді көшу үшін қажетті жағдайларды, алғышарттарды және интеллектуалды фонды қамтамасыз ету факторы ретінде әрекет етеді.

Қазіргі таңдағы шағын жинақты мектептердің мәселелері:

- Білім алушылар санының аздығына байланысты шағын жинақты мектептің өздігінен дами алмауы және дамуға мүмкіндіктің жоқтығы;
- Шағын жинақты мектептердің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасының назардан тыс қалуы;
- Шағын жинақты мектептердегі педагогтердің сапалық құрамының төмендігі;
- Біріктірілген сыныптарда оқытудың қиындығы мен оқу-әдістемелік материалдардың аздығы;
- ШЖМ педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының жеткіліксіздігі;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықталмауы, қашықтан оқытудың ұйымдастырылмауы немесе құралдардың жеткіліксіздігі және тағы да басқа мәселелер.

Ауыл мектептерін цифрландыру мәселесінде ең алдымен білім алушыларға сапалы білім берілуді басты назарға ұстаған жөн.

Бүгінгі таңда еліміздің шалғайда орналасқан шағын жинақты мектептерінде педагог кадр жетіспеушілігі мәселесі білім сапасының төмен болуына тікелей әсер етіп отыр. Мәселен, 2022-2023 оқу жылында Ұлттық білім беру деректер қорының мәліметі бойынша 2723 шағын жинақты мектептің 26-да бастауыш сынып мұғалімі, негізгі және орта білім беру деңгейіндегі негізгі пәндер бойынша 465 «Қазақ тілі», 682 «Орыс тілі», 639 «Математика», 1425 «Физика», 1727 «Химия», 1181 «Биология», 607 «Ағылшын тілі» пәні бойынша педагогтер жетіспеушілігі анықталып отыр.

Сол секілді шағын жинақты ауыл мектептердегі білім сапасының төмен болуына әсер ететін ендігі фактор – бала санының аздығына байланысты сыныптарды біріктіріп оқыту мәселесі.

2022-2023 оқу жылында ауылдық шағын жинақты мектептердің 1318-інде біріктірілген сыныптары бары анықталып отыр. Біріктірілген сыныптары бар мектептерде 595 645 білім алушы білім алады.

Республика бойынша шағын жинақты мектептерде **4387** сынып біріктіріліп оқытылса, оның **2865** сыныбы шағын жинақты мектептердегі сыныптар. Оның 2 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 2465, 3 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 209 және 4 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 191 сынып бар.

Білім беру деңгейлері бойынша бастауыш білім беру деңгейінде – **510** сынып біріктіріліп оқытылады. Оның 2 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 353; 3 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 91 және 4 сынып біріктіріп оқытылатыны – 66.

Негізгі орта білім беру деңгейінде біріктіріліп оқытылатын сыныптар саны – **1279**. Оның ішінде 2 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 1136, 3 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 75 және 4 сыныпты біріктіріп оқытатын сыныптар – 68.

Жалпы орта білім беретін мектептердегі 10-11-сыныптарда – **67** сынып біріктіріліп оқытылады. Бастауыш білім беру деңгейінде – **377**, негізгі орта білім беру деңгейінде – **568**, барлығы **1012** сынып біріктіріліп оқытылады.

Біріктіріп оқытылатын сыныптардың оқу-әдістемелік мәселесін шешу мақсатында 2023-2024 оқу жылында біріктірілген сыныптарда оқытуға арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары әзірленіп, апробацияға енгізіледі.

Ауыл мектептерін цифрландыру мәселесінде әр балаға жеке компьютер немесе нетбук қарастырылып біріктірілген сыныптарда оқыту мәселесі шешіледі. Біріктірілген сыныптағы білім алушы оқу бағдарламасындағы материалды сапалы меңгеруге мүмкіндіктер қарастырылады. Біріктірілген сынып білім алушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында мәтінмен жұмыс жасау, қажетті ақпаратты табу, сұрыптау, пайдалану, өңдеу жасауға үйренеді. Педагогтер білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында материалдарды саралау, даралау әдісін қолданып оқыту арқылы білім алушыларға өздігіне ой қорытуға машықтандырады. Нәтижесінде цифрлық білім беру арқылы ауыл мектебінің білім алушыларының функционалдық сауаттылықтары дамып, өзіндік ой қорытып, тұжырым жасау дағдылары қалыптасады.

Білім беру процесін цифрландыру – біріктірілген сыныптардың білім алушылары үшін сапалы білім алуға мүмкіндік берері анық.

Ауыл мектептерін цифрландыру арқылы ЖОО-ларда шағын жинақты мектеп білім алушылары үшін шағын жинақты мектепке педагог даярлау, білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген «Әділ Қазақстан – барлығы үшін және әрқайсысы үшін» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 81-ші «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» тармағына сәйкес және 17-мамырда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының ұйымдастырумен өткен

«Білімді ұрпақ – білімді ел» конференциясында шағын жинақты ауыл мектептерін қолдау мен жағдай жасауға бағытталған мәселелерін, сонымен қатар 19-мамырда «VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің бірінші сессияға арналған іс-шаралар» жоспарына сәйкес «Шағын жинақталған мектептер: білім беру сапасы, педагог кадрлардың тапшылығы мәселесін шешу және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру жобалары туралы» Солтүстік Қазақстан облысында ұйымдастырылған көшпелі отырысында көтерілген мәселелерін басшылыққа алып шағын жинақты ауыл мектептерін дамыту мен ауыл мектептерін цифрландыру, ауыл мектептерінің жабылуының алдын алу, қала мектептері мен ауыл мектептері, өңірлер арасындағы білімдегі алшақтықты қысқарту, шағын жинақты мектептер үшін педагог кадрлар даярлау, шекара маңындағы шағын жинақты ауыл мектептері білім алушылары мен педагогтеріне қолдау көрсету, біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептердің білім алушыларына сапалы білімді қолжетімді ету және т.б. мәселелеріне терең зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының «Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» тарауында: «Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызды», – делінген. Осыған орай, педагог кадрлар жетіспейтін өңірлерде сапалы білімді қолжетімді ету мақсатында цифрлы білім беруді ұйымдастыру Тұжырымдаманың өзектілігін анықтайды.

Бүгінгі таңда заман қажеттілігі мен талабына сай «Цифрлық» уақытқа сәйкес жоғары білікті мамандарды даярлау басым міндет. Ол үшін білім беру саласын цифрландыру маңызды.

Тиісінше, бұл білім беру бағдарламаларын, оқыту әдістері мен ұйымдық нысандарын түрлендіру, цифрлы орта арқылы оқу іс-әрекетінде цифрлы құралдар мен коммуникацияларды кеңінен енгізу және қолдану, адамдарды өмір бойы өздеріне ыңғайлы уақыт пен жерде жеке жоспар бойынша оқыту сияқты білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістердің қажеттілігін білдіреді.

Бүгінгі таңда білім беруді цифрландыру мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналуға және ол білім беру саласындағы негізгі нормативтік құжаттардың талаптарына негізделген.

Цифрлық бағытта онлайн қашықтан, виртуалды оқытуды ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің № 636 Жарғысының 3-жалпыұлттық басымдық «Сапалы білім» тарауында жазылған: «Цифрлық білім беру ортасы дәстүрлі баламасына қарамастан, қажет болған жағдайда оны толықтыра отырып, мұғалім мен оқушылар арасындағы коммуникацияның және қайтымды байланыстың жаңа арналарына қолжетімділікті аша отырып, жұмыс істейтін болады» және Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1-қыркүйектегі «Халық бірлігі

және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауының «Сапалы білім беру» тараушасында: «Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды. Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Педагогтерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс», – деген.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2.7-тарауы «Жаңа сандық мүмкіндіктер» тарауының «Барлық қалалар мен аудан орталықтарында кең жолақты Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ету» 70-пунктіне сәйкес іске асыру жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 15-наурызда «Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген «Әділ Қазақстан – барлығы үшін және әрқайсысы үшін. Қазір және мәңгі» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 81-ші «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» тармағын іске асыру бойынша Жол картасын» бекітті. Сонымен қатар 2023 жылғы 3-мамырда «2023-2024 оқу жылында Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында пилоттық жобаларын іске асыру бойынша Жол картасы» бекітіліп, жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

Жоғарыда берілген нормативтік құжаттарда қойылған мақсаттар мен міндеттердегі білім беруді цифрландыру процесі, бір жағынан, білім беру процесінде қолданылатын құралдар мен цифрлық технологиялардың жиынтығында **цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру** ретінде қаралса, екінші жағынан, адамды өмірге бейімдеу мен дайындауды қамтамасыз ететін **білім беру процесінің терең трансформациясы** ретінде қарастырылуы керек.

Ауыл мектептері мен шағын жинақты мектептер үшін қашықтан оқыту моделі мен механизмін құру – білім беру процесіне заманауи технологияларды енгізуді, онлайн-платформаларды кеңінен пайдалануды, жекеленген білім беру траекториялары мен курстарын, кеңістік пен форматтардың жаңа мүмкіндіктерін енгізуді көздейді.

Қашықтан оқыту тек онлайн білім беру мен сабақтарды онлайн өткізу ғана емес, онда электрондық кесте, онлайн білім беру элементтері, мектептер мен білім алушылар цифрлық платформаға жүктеліп кері байланыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда цифрландыру процесін тежейтін бірқатар факторлар бар. Бұл көптеген мектептерде жоғары жылдамдықты интернетпен қамтудың болмауына, білім беру ұйымдарын заманауи оқу жабдықтарымен жарақтандырудың әлсіздігіне, педагогтер мен білім алушылардың қолда бар цифрлық білім беру контентін пайдалану дағдыларының болмауына,

педагогтердің қашықтықтан жұмыс істеу үшін кәсіби құзыреттерінің болмауына байланысты техникалық шектеулерден көрінеді форматта және т.б.

Осы мәселелерді кешенді шешуде цифрлық білім беру технологияларын, электрондық ақпараттық – білім беру ортасын, цифрлық білім беру контентін, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, білім алушылардың тұратын жеріне қарамастан білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған технологиялық құралдарды қолдана отырып, шарттардың жиынтығы ретінде «Цифрлық ауыл мектебі» жобасын (бұдан әрі – Жоба) іске асыру жоспарлануда.

Тұжырымдаманың мақсаты – ауылдық шағын жинақты мектеп білім алушыларының білім сапасын арттыру және сапалы білімді қолжетімді ету

Тұжырымдаманың міндеттері:

- ШЖМ-ны жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету;
- ШЖМ-ны цифрлық оқу жабдықтарымен жарақтандыру;
- ШЖМ-ны цифрлық сапалы контентпен қамтамасыз ету;
- ШЖМ педагогтерін цифрлық форматта оқытуға үйрету;
- ауылдық ШЖМ білім алушыларының білім сапасын арттыру үшін тірек мектептердің әлеуетін пайдалану және т.б.

4-ТАРАУ. ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

Жобаны іске асыру орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, педагогикалық және ата-аналар қоғамының күш-жігерін шоғырландыруды көздейді.

Жоба бекітілген нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмысын жүргізеді.

2023 жылғы 3-мамырда бекітілген «2023-2024 оқу жылында Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында пилоттық жобаларын іске асыру бойынша Жол картасының» іс-шараларын орындау мақсатында 5 облыс: Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарда цифрлы білім беру процесі ұйымдастырылып, 2023-2024 оқу жылында іске асырылады.

Аталған облыстарда педагог кадрлардың тапшылығы анықталды. Олар: 102 «Математика», 587 «Физика», 774 «Химия», 421 «Биология», 140 «Ағылшын тілі» пәндері бойынша педагогтер.

Онлайн білім беру жұмыстары пилоттық режимде 2023-2024 оқу жылында іске асырылады.

2023-2024 оқу жылында: Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары;

2024-2025 оқу жылында: Алматы, Атырау, ШҚО, БҚО, Қарағанды, Абай облыстары;

2025-2026 оқу жылында: Ұлытау, Жетісу, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау облыстары кіреді.

4.1 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЦИФРЛЫ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ол үшін:

1. **Онлайн білім алу/беруді дамытуда ШЖМ мен аудандарға сапалы қолжетімді интернеттің болуы.** Интернет мәселесі шешілмейінше, онлайн білім беру мен мектептерді цифрландыру мәселесі шешілмейді.

(Жергілікті атқарушы органдар тарапынан интернеттің жылдамдығына жауапты IT маманы қажет және оның біліктілігін арттырып отырған дұрыс).

2. Өңірдегі әр ауданда интернетке және цифровизацияға **жауапты мамандардың** көбі: шлюз, канал, Мбит/с, Кбит/с-ты толық түсінбейді, сондықтан олардың **біліктілігін арттыру**, онлайн/офлайн курстарды ұйымдастырып, **прокторинг арқылы тест қабылдау** керек.

3. **Ауыл педагогтерінің бойында IT құзыреттілікті қалыптастыру** керек. Сингапурдың тәжірибесіне сүйенсек, ол елде егде жастағы адамдарға арналған IT құзыреттілікті қалыптастыратын (үйрететін) орталықтар ашылған және оны мемлекет ашып, ары қарай волонтерлер дамыту жұмыстарын жалғастырған.

Елдегі ауыл тұрғындарын **IT құзыреттілікке үйрету**. Бірінші кезекте педагогтерді кейінгі кезекте **қажеттілік пен қызығушылық тудырған тұрғындарды (ата-аналарды)** үйрету және қосымша егде жастағы адамдарды үйрету.

(Ол кісілер сол ауылдағы білім алушылардың ата-аналары, егер ата-аналар балалары секілді IT-ды жақсы түсініп, меңгерсе, баланың онлайн білім алуына және онлайнда мүмкіндік көп екенін көруге жол ашылады).

4. **Онлайн білім беру ресурстарының көп болуы** (*Қазіргі таңда «Daryn.online» «Bilimland» және т.б. онлайн ресурстармен қамтылған*). Онлайн платформаларда педагогтер өздерінің курстарын жасауға мүмкіндіктері бар.

(Ауылдық педагогтер мен ата-аналарға, қазақша контенттің мектептерге тегін берілетінін ескерту керек. Қосымша онлайн лабораториялар, онлайн кітаптар, интерактивті тапсырмалар беріліп отыру қажет. Онлайн білім алу/беруді дамыту болу үшін онлайнда ресурстар болу қажет).

5. **Ауылдық аймақта, жеткілікті компьютерлік технологиялармен қамту.**

(Кей өңірлерде 2012-2014 жылғы компьютерлер мектеп базасында тіркелген, моральдық тұрғыдан ескірген компьютерлердің қосылуына 15 минут уақыт кететін компьютерлер арқылы ауыл педагогтері кезекпен «Күнделікті» толтырады. ҰББДҚ-да тек мектептегі компьютер саны емес, қай жылы жұмысқа берілгенін қоса жазу керек. Сол арқылы қай мектеп компьютерлерінің тозығы жеткендігін анықтап, ұсыныстар беруге болады).

6. **Мониторинг жүргізу.** Барлық болып жатқан жетістіктер мен жеңілістер ашық көрсетілу керек, сол кезде даму болады. Ашық сайтта, барлық жүргізіліп жатқан өзгерістер айтылып, толықтыру мен өңдеу жұмыстары ұйымдастырылуы қажет.

7. **Мектептің ішкі құжатайналымын** (мектепішілік бақылау, өзара сабаққа кіру және т.б.) мен **басқа да іс-әрекеттерді** (*смартфондар мен панельде цифрлы сабақ кестесі, асхананың мәзірі (білім алушы бір аптаға ишетін мәзірді ұсыну, ол білім алушының ішпейтін артық тамақтарды әзірлеуге кететін шығындарды үнемдейді), үйірме кестесі мен онлайн кітапханаға кіру мүмкіндіктерін*) **цифрландыру**.

8. **ШЖМ-да аралас форматта (онлайн/офлайн) цифрлық және инклюзивті органы жетілдіру** (*ерекше қажеттілікті талап ететін білім алушыларға арнап*

пәндік құзыреттіліктерді меңгертуде онлайн курстар ұйымдастыру, платформада педагогтерге ұсыныстар беру, контенттер әзірлеу, онлайн инклюзивті практикаларды енгізу, және т.б.).

9. ШЖМ-лардағы біріктірілген сыныптарға педагогтер даярлау мен онлайн сабақ өткізуді ұйымдастыру мәселесінде **ЖОО-лардың профессорлық-оқытушылық құрамына пәндерді цифрлық форматта оқытуға арналған біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру** (ЖОО-лар, педагогикалық институттар мен колледждерде педагог-кадрларды даярлау мәселесі мен мектептер арасында байланыс педагогикалық практикалармен ғана шектеледі. Мектеп педагогі студенттерге өз пәнінің деңгейінде ғана практикасымен бөлісе алады. Студенттерге оқу мақсаттарын меңгерту, НҚА-ларды басшылыққа алу, ҚМЖ-ны әзірлеуде құжаттардың жаңартылуы, цифрлық форматта қажетті ақпараттарды алу мен сабақта тиімді дұрыс пайдалану және т.б. мәселелер бойынша біліксіз болып келеді. Сондықтан профессорлық-оқытушылық құрам үшін цифрлы білім беруді жүзеге асыруда) студенттер үшін **дуалды білім беруді ұйымдастыру** (3-4-курстың жақсы оқитын студенттерін педагог-кадрлар жетіспейтін ШЖМ-ларға онлайн сабақ өткізуді ұйымдастыру, студенттерді ауыл мектептеріне жұмысқа тарту үшін келісімшарт негізінде еңбек өтілін жүргізу және т.б. жағдайларды қарастыру).

4.2 БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Өңірлік Педагогикалық университеттердің қарамағынан «ОНЛАЙН МЕКТЕПТЕР» ашу/дуалды оқытуды жүзеге асыру

Мақсаты – өңірдегі педагог-кадрлардың жетіспеушілігін анықтау, сапалы педагогтер даярлау және білім сапасын арттыру.

2023-2024 оқу жылында пилоттық режимде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің базасында: Ақмола, СҚО, Павлодар, Қостанай облыстарында педагогтері жоқ ШЖМ-лар үшін қашықтан оқытуды ұйымдастыру мақсатында «Онлайн мектеп» ұйымдастырылады және 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында жобаны 16 өңірге кезең-кезеңмен масштабтау жоспарланып отыр.

Міндеттері:

- 4 өңірдегі педагог-кадр тапшылығы анықталып, ваканттық орындарды толықтыру;
- біліктіліктері төмен ШЖМ педагогтеріне біліктілік арттыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- сапасы төмен ШЖМ-лар анықталып, сапаны арттыру бағытында зерттеулер ұйымдастыру, ұсыныстар әзірлеу;
- ауыл мектептеріне педагогтер тарту мәселесінде білікті кадрлар даярлау;
- 3-4-курс студенттері үшін дуалды білім беруді ұйымдастыру;
- ПОҚ пен жас мамандар үшін «Өрлеу», «Академия» тарапынан жас маман даярлау мәселесінде кешенді әдістемелік қолдау мен көмек көрсету;
- студенттердің теориялық білімдерін практикамен байланыстыру;
- жолдамамен ауыл мектептеріне баратын (келісімшарт негізінде) болашақ педагогтерің еңбек өтілін есептеу;
- жолдамамен ауыл мектептеріне баратын жас мамандарды біліктілік арттыру тестерін тапсыруға мүмкіндіктер қарастыру;

- шекара маңындағы мектептерге (келісімшартпен) баратын жас мамандарға қосымша қолдау көрсету;

- студенттер үшін өз өңірлерінің ерекшеліктері мен білім сапасын арттыруға, ауыл мектептерін зерттеуге бағытталған ғылыми жұмыстар мен жобалар жазуды ұсыну;

- ауыл мектептеріне инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту меңгертуде ғылыми-практикалық зерттеулер жүргізу, ұсыныстар беру және т.б.

4.3 «ТІРЕК МЕКТЕБІ – МАГНИТТІ МЕКТЕПТЕР» КЕШЕНДЕРІН ҚҰРУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешенін» құрудың мақсаты: шағын жинақты ауыл мектептері білім алушыларының білім сапасын арттыру

Міндеттері:

- ауылдық шағын жинақты мектеп білім алушыларына сапалы білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- шағын жинақты мектептерді қаржыландыру мен басқаруды оңтайландыру;

- тірек мектепте магниттік мектептер білім алушылары үшін сессиялық және сессияаралық оқытуды ұйымдастыру;

- педагог жетіспеушілігі мәселесін шешу.

Күтілетін нәтижелер:

- тірек мектептің білім беру ресурстары білім алушылар үшін қолжетімді болады;

- тірек мектепте сессиялық және сессияаралық жұмысты ұйымдастыру қамтамасыз етіледі

«ТІРЕК МЕКТЕБІ – МАГНИТТІК МЕКТЕПТЕР» КЕШЕНІН БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ:



Барлық педагогтер (тірек мектебі және магниттік мектептер) – тірек

мектебінің бірыңғай штатында болады.

Тірек мектебіне Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы бекітілген «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «2023-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту жөніндегі Жол картасы» № 489 бұйрығының 34-ші «Бір тірек мектепке 5-6 шағын жинақты мектепті бекіту арқылы шағын жинақты мектептерді қайта ұйымдастыру» тармағын (ортақ қаржыландыру және бірыңғай басқару жүйесіне негізделген «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магниттік мектептер» кешенін құру. Ауылдық шағын жинақты мектептердің педагогтеріне ғылыми-әдістемелік көмек көрсету және шағын жинақты мектептердің білім алушыларын қолдау жүйесін жақсарту. Тірек мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында) басшылыққа алып жүзеге асырылатын болады.

«Тірек мектебі – магниттік мектептер» кешенін» жүзеге асыруда тірек мектебі мен магниттік мектептер ортақ басқару мен қаржыландыру жүйесіне негізделеді.

Тірек мектеп магниттік мектептердегі педагог тапшылығы, онлайн сабақтарды ұйымдастыру, мектептерді цифрлы форматта жұмыс жүргізуге бағытталады.

Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру

Қашықтан оқыту білім беру процесіне қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан қашықта, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Білім алушы үшін орта білім беру ұйымдарында қашықтан оқыту оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің өтініші негізінде үлгерім көрсеткіштері, баланың пікірін, мектеп психологінің қорытындысын, білім алушылардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлары актісін ескере отырып, қашықтан оқыту үшін жағдайлардың болуы негізінде педагогикалық кеңестің және қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

5-БӨЛІМ. НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Жобаны іске асыру жөніндегі нысаналы индикаторлар (сандық көрсеткіштер)

2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша:

1. 100% ТМ және ШЖМ сапалы интернетке қол жеткізе алады.
2. 100% ТМ және ШЖМ сандық сыныптармен (интерактивті панель, компьютерлер, құлаққаптар және т.б.) жабдықталған.
3. ШЖМ-нің 100%-ы тірек мектептерге бекітілген.

4. ТМ және ШЖМ 100% цифрлық контентпен қамтамасыз етілген.

5. 100% ЖМБ және ШЖМ жекелеген пәндер бойынша қашықтан оқытудан өтеді.

6. ТМ және ШЖМ педагогтеріне 100% цифрлық форматта оқыту мен оқытуда оқу-әдістемелік қолдау көрсетіледі.

7. ШЖМ білім алушыларының 100%-ы оқытудың инновациялық тәсілдері негізінде білім алады.

Оқу процесін ұйымдастыру бойынша нысаналы индикаторлар (сапалық көрсеткіштер)

2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша:

1. 2722 ШЖМ-да ЖМБ пәндері мен білім алушылары үшін қашықтан оқыту ұйымдастырады;

2. ШЖМ білім алушылары онлайн оқыту арқылы қашықтан оқытумен қамтылады;

3. Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейі бойынша пәндерді оқыту үшін электрондық ресурстар мен оқу материалдары беріледі;

4. Барлық ТМ және ШЖМ педагогтері оқу мен оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану бойынша біліктілігін арттырады;

5. Барлық ТМ және ШЖМ-да қашықтан оқыту үшін бірыңғай білім беру платформасын пайдаланады;

6. Біріктірілген сыныптары бар ШЖМ үшін бірыңғай үлгілік оқу жоспары әзірленді, пәндер бойынша үлгілік оқу жоспары мен бағдарламалары әзірленеді.

7. Тұжырымдаманы басым тәртіппен іске асыру кезінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаражат тиісті саланың Ұлттық жобаларында көрсетілген индикаторларға/көрсеткіштерге қол жеткізуге бөлінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқында «Ауыл түбі – бірлік, қауым түбі – тірлік», – деген мақал бар. Бұл дегеніміз ауылдың этникалық, экономикалық және рухани маңыздылығынан хабар береді.

Ауыл – қазақ халқының ұлттық негізінің мәйегі, тіл, салт-дәстүр, мемлекет іргесінің қалыптасуы мен дамуының алтын бесігі болса, ауыл мектебі – білім алушылардың жүрегінде үміт отын жағып, болашаққа деген сенімін ұялатқан білім мен мәдениеттің орталығы, ел бірлігінің алтын қазығы іспетті. Бүгінгі таңда қаймағы бұзылмаған ұлттық тәлім мен тәрбиенің қара шаңырағына айналған ауыл мектебінің қордаланған мәселелері барын айтпаса да белгілі.

Бүгінгі таңда ауыл мектептерін сақтау – ауыл тұрғындары мен мемлекетіміз үшін маңызды мәселе ретінде қарастырылып отыр. Ауылды сақтау үшін ең маңызды үш фактор: ауылдардың ауызсумен қамтылуы және дәрігерлік амбулаториялық пункт пен мектептің болуы маңызды. Сондықтан ауылды сақтау ауыл мектептеріне жағдай жасалуы керек.

Қазіргі уақытта цифрлы технологияларды бір жақты құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа білім беру мүмкіндіктері мен білім кеңістігін ашатын өмір сүру ортасы ретінде қарастырған дұрыс. Сондықтан цифрлы білім беруде: кез келген ыңғайлы уақытта оқыту, үздіксіз білім беру, білім беру маршруттарын жобалау мүмкіндігі, ақпараттық технологияларды меңгеруде цифрлы дағдыларды, оқу жазу сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін онлайн кеңістік ретінде қарастырған дұрыс.

Ауылдың проблемасын ауылда өскен және оның барлық маңызды мәселелерін түсінетін сол өлкенің жастары ғана шеше алады. Әлемдік жаһандану мәселесінде ауыл мектептеріне тың идеялар мен жаңаша білім беруді қалыптастыруда мектептің материалдық-техникалық жабдықтауы мен білім беру парадигмасын өзгертуде жаһандық өзгерістер қажет.

Тұжырымдама негізгі 5 тараудан құрылған. Басқа бөлікте тұжырымдаманың паспорты (негізгі параметрлері), глоссарий, кіріспе берілген.

Тұжырымдаманың 1-тарауында ағымдағы жағдайды талдау жасалған. 2-тарауында халықаралық және отандық тәжірибеге шолу, 3-тарауында Тұжырымдаманың өзектілігі, мақсаты, міндеттері, 4-тарауында жобаны іске асыру тетігі, 5-тарауында нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымша берілген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» № 636 Жарлығының 3-жалпыұлттық басымдық «Сапалы білім» тарауы
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 қаулысының міндеттері
3. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының Үшінші бағдар. «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» тарауының талаптары
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары
5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы
6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту жөніндегі жол картасы
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 наурызда бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды «Әділ Қазақстан – Барлығы үшін және әрқайсы үшін. Қазір және мәңгі» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» 81 тармағын іске асыру бойынша Жол картасы»
8. 2023 жылғы 3-мамырда «2023-2024 оқу жылында Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында пилоттық жобаларын іске асыру бойынша Жол картасы»
9. 17-мамырда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының ұйымдастырумен өткен «Білімді ұрпақ – білімді ел» конференциясында шағын жинақты ауыл мектептерін қолдау мен жағдай жасауға бағытталған мәселелері
10. 19-мамырда «VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің бірінші сессияға арналған іс-шаралар» жоспарына сәйкес «Шағын жинақталған мектептер: білім беру сапасы, педагог кадрлардың тапшылығы мәселесін шешу және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру жобалары туралы» Солтүстік Қазақстан облысында ұйымдастырылған көшпелі отырысында көтерілген мәселелері;
11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3

тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы

12. «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 12 желтоқсандағы № 614 бұйрығы мен басқа да НҚА-ларға сәйкес жүзеге асырылады.

ПРОЕКТ

**Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары
2023-2026 жылдарға арналған «Цифрлық ауыл мектебі» жобасы**

р / с	Негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар
	2	3	4	5
	1-бағыт. Ауылдық және шағын жинақты мектептердің 100%-ы сапалы интернетке қол жеткізе алады			
1	Техникалық мүмкіндіктің болуын ескере отырып, ШЖМ-да интернет жылдамдығын арттыру	Байланыс операторларымен шарттар	Маусым-тамыз 2023 ж	ҚР ЦДИАМ, ҚР ОАМ
2	ШЖМ кабинеттеріне ағымдағы жөндеу жүргізу және желілік жабдықтармен қамтамасыз ету	ҚР ОАМ-ға ақпарат	Маусым-тамыз 2023 ж	ЖАО
3	Интернет қызметі бойынша шарттар шеңберінде байланыс операторлары арқылы мектептерді желілік жабдықпен жалға беру (Wi-Fi маршрутизаторлары) қамтамасыз ету	ҚР ЦДИАМ және ҚР ОАМ анықтамасы	2023 жылғы 28 шілдеге дейін	ҚР ЦДИАМ, ҚР ОАМ, ЖАО, байланыс операторлары
	2-бағыт. Ауылдық және шағын жинақты мектептердің 100%-ы цифрлы сыныптармен (интерактивті панель, компьютерлер, құлаққаптар және т.б.) жабдықталады			
4	Пилоттық жоба шеңберінде ШЖМ жабдықтарын цифрлық кабинеттермен қаржыландыру мәселелерін «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен (бұдан әрі – Қор), ЖАО-мен пысықтау жұмыстарын жүргізу	Тұжырымдама, слайдтар, негіздемелер, қордан келісу, ҚР ОАМ және ҚР ЦДИАМ ақпараты	2023 жылдың 28 шілдеге дейін	Серіктес, ҚР ОАМ, ҚР ЦДИАМ, ЖАО
5	Пилоттық жоба шеңберінде ШЖМ цифрлық кабинеттері мен ілеспе қызметтерге арналған жабдықтар мен жиһаздардың техникалық ерекшеліктерін келісу және бекіту	Бекітілген техникалық ерекшеліктер	2023 жылғы 28 шілдеге дейін	Серіктес, ҚР ОАМ, ҚР ЦДИАМ, ЖАО
6	ШЖМ цифрлық кабинеттері және ілеспе қызметтер (сервистік, жөндеу қызметі және т.б.) үшін жабдықтар мен жиһаздарды сатып алу	Сатып алу шарттары	2023 жылғы Маусым-шілде	Серіктес, ҚР ОАМ, ҚР ЦДИАМ, ЖАО

	және жеткізу			
7	ШЖМ цифрлық кабинеттері үшін жабдықтар мен жиһаздарды беру кестесін әзірлеу және бекіту	Бекітілген кесте	12 мамырға дейін 2023 жыл	Серіктес, Қор, ҚР ОАМ, ҚР ЦДИАМ, ЖАО
8	ШЖМ цифрлық кабинеттері үшін жабдықтар мен жиһаздың функционалдығын қабылдау және тексеру	Қабылдау актісі	2023 жылғы 10 тамызға дейін	Серіктес, Қор, ҚР ОАМ, ЖАО, жеткізуші
9	ШЖМ цифрлық кабинеттеріне арналған жабдықтар мен жиһаздарды жеткізу қорытындылары бойынша есеп	ҚР ОАМ мен ҚР ЦДИАМ-дағы ақпарат	2023 жылғы 15 тамызға дейін	ҚР ОАМ, ЖАО
3-бағыт. Ауылдық және шағын жинақты мектептердің 100%-ы тірек мектептерге бекітіледі				
10	Өңірлердің шағын жинақты ауылдық мектептерінде (бұдан әрі – ШЖМ) пәндерді оқытудың және оқу процесін цифрландырудың инновациялық тәсілдерін енгізудің пилоттық жобасын іске асыру жөніндегі операторды айқындау	ҚР ОАМ ақпараты	2023 жылғы 28 маусымға дейін	ҚР ОАМ (ҰБА, «Өрлеу» ҰБАО, БМСА), ҚР ЦДИАМ
11	Пилоттық жобаға қатысатын ШЖМ-ларды анықтау	ҚР ОАМ-дағы ақпарат	2023 жылғы 31 маусымға дейін	ҚР ОАМ, ҚР ЦДИАМ, ЖАО
4-бағыт. Ауылдық және шағын жинақты мектептердің 100%-ы цифрлық контентпен қамтамасыз етіледі				
12	Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу бойынша жұмыс тобын құру, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру	ҚР ОАМ бұйрығы	2023 жылғы тамыз	ҚР ОАМ (ҰБА, «Өрлеу» ҰБАО, «Талдау» БМС), ҚР ЦДИАМ, ЖАО (ББҰ, мектептер), сарапшылар
13	Мектеп пәндерін сараптамадан өткен электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету, 100%	ҚР ОАМ ақпараты	2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін	ҚР ОАМ (ҰБА, БМСО), баспалар
14	Пилоттық жоба шеңберінде баспагерлер мен әзірлеушілердің электрондық оқулықтарға, оқулықтардың электрондық нұсқаларының файлдарына (pdf, epub) және ЦБР өтеусіз қол жеткізуін ұсыну мәселесін пысықтау	ҚР ОАМ баспалармен және ЦБР әзірлеушілерімен меморандумы	2023 жылғы 28 маусым дейін	ҚР ОАМ (ҰБА, БМСО), ЦБР баспалары мен әзірлеушілері

15	Мектептерді интерактивті және компьютерлік жабдықтармен, желілік жабдықтармен және цифрлық оқу материалдарына жазылумен кезең-кезеңімен қамтамасыз ету	ЖАО-ның ай сайынғы ақпараты	2024-2026 жж.	ЖАО
16	Мектептерді интерактивті жабдықтармен және цифрлық оқу материалдарына жазылумен қамтамасыз ету қорытындылары бойынша есеп	ҚР ОАМ, ҚР ЦДИАМ, ЖАО -дағы ақпарат	Жыл сайын желтоқсан айында	ҚР ОАМ (ҰБА, «Өрлеу» ҰБАО, БМСА), ҚР ЦДИАМ
5-бағыт. 100% ауылдық және шағын жинақты мектептерде жекелеген пәндер бойынша қашықтан оқыту жүргізіледі				
17	«Өрлеу» БАҰО профессор-оқытушылар құрамын (жаттықтырушыларын) оқыту	«Өрлеу» БАҰО профессор-оқытушылар құрамы үшін сертификаттар	2023 жылғы маусым-тамыз	ҚР ОАМ (ҰБА, «Өрлеу», БМСА), ҚР ЦДИАМ, баспалар, ЦБР әзірлеушілері
18	Пәндерді оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдану бойынша мектеп әкімшілігі мен педагогтеріне арналған білім беру бағдарламасын әзірлеу	Білім беру бағдарламасының әзірленген жобасы	2023 жылғы маусым-шілде	ҚР ОАМ (ҰБА, «Өрлеу»)
19	Білім беру бағдарламаларын сараптамалық кеңесте мақұлдау	Мақұлданған бағдарлама	2023 жылғы маусым	ҚР ОАМ (ҰБА, «Өрлеу»)
20	Бекітілген әдістемелік ұсынымдар негізінде педагогтер үшін оқыту курстарын ұйымдастыру және өткізу	Оқыту курстарын өткізу туралы есеп	2023 жылғы маусым-шілде	ҚР ОАМ (ҰБА, «Өрлеу»), ЖАО